

Кімге: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі.

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Автордың аты-жөні және лауазымы: Асетов Нуржан Ахметович, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі мемлекеттік қазынашылық комитеті Абай облыстық мемлекеттік қазынашылық Департаменті электрондық депозитарий бөлімінің басшысы

Күні: 17.05.2024 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Қазақстан Республикасының деbüroакратиялық дамуындағы цифрлық құралдардың рөлі

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығының 1ші пунктінде [1] бюрақратиядан арылтудың қағидаларын айқындап өткен. Дәл осы бюрақратиядан және коррупциядан арылту үшін менім ойымша біздің еліміздегі бірде-бір тиімді жолы ол әрбір процесті цифрлық кеңістікке көшіру болып табылады. Осы мемлекеттік процестердің цифрлық кеңістікпен алмастыру үшін бірнеше құралдар бар. Өздеріміз білетін Egov.kz – Электрондық үкімет порталы, E-licensing.kz – Мемлекеттік лицензиялау порталы, ENPF.kz – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Qoldau.kz / Damumed / egovmed.kz, AIS «Platonus», «UNIVER», «Kundelik.kz», «BilimLand» Subsidy.plem.kz- Ауыл шаруашылығы субсидияларын алуға өтінім беруге арналған портал және т.б.

Бұл цифрлық құралдардың әрқайсысының өзіндік маңызды жұмыстары бар. Осы бағытта әржақты талдау жүргізу үшін мен өзім Абай облысы бойынша қазынашылық Департаменті электрондық депозитраии бөлімінің басшысы болғандықтан мысал ретінде күнделікті жұмыс жасап жүрген Электрондық депозитарии веб порталын алып отырмын.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы электрондық депозитарий – мемлекеттік сатып алу веб-порталында қалыптастырылатын, әлеуетті өнім берушілердің тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттарды қамтитын электрондық деректер базасы.

Мемлекеттік құпиялар туралы заңға [2] сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 45-бабының 4-тармағына [3] сәйкес таралуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтерді қоспағанда,

- Өнім берушілердің құрылыс-монтаждау жұмыстары;
- Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттама әзірлеу жұмыстары;
- Құрылыс-монтаждау жұмыстарына техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтер жұмыстары бойынша өзінің тәжірибесін веб-порталда тізілім жіберу арқылы қалыптастырылады.

Осы мемлекеттік сатып алу саласында электрондық депозитарий веб-порталы жұмысын бастамас бұрын әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысу үшін өзінің тәжірибесін растайтын құжаттарын апарып тапсырыс берушіге өткізетін. Бірнеше адамнан тұратын конкурстық комиссия құрылатын. Осы кезде адами фактор өте жоғары болып, конкурстық комиссияның осы не басқа әлеуетті өнім берушіні таңдауға әсер етілетін әртүрлі жағдай туындауы мүмкін еді. Қазіргі кезде әлеуетті өнім беруші веб-порталға өзінің тәжірибесін тіркегеннен кейін, ол порталда қалады және өзінің жұмысына сай балл беріледі. Келесі конкурсқа қатысарда үйінде отырып мемлекеттік сатып алулар порталы арқылы өтінім тастаса болғаны бұл жерде бюрократиялық артық қағаз жинау азайып, әлеуетті өнім берушінің өзіне қызықты Қазақстанның әрбір бұрышындағы жобаға қатыса алып, мүмкіндігі асып отыр. Бірнеше тіркелген жұмыс тәжірибелерінен жинақталған баллдары, рейтингтік-балдық жүйе арқылы автоматты түрде есептеліп конкурсқа өтінімдерін тастаған әлеуетті өнім берушілердің ішінен жеңімпазды анықтап шығады. Бұл жерден адами фактор қорытындыға ешбір әсер ете алмайды, тиісінше коррупциялық іс әрекеттің жолдары азаяды. Дәл осы сияқыт жоғарыда көрсетілген әрбір цифрлық құралдардың барлығы өз функцияларын орындау барысында адамның уақытын үнемдеп өзіне керекті ақпаратты, құжатты бюрократиясыз алуға мүмкіндігі болады. Бірақ кәзіргі уақытта цифрлық құралдардың және оларға арналған заңнамалық актілердің толыққанды дамымағандығынан, барлық жағдайды қамтымағандығынан әртүрлі қиындықтар, алаяқтық әрекеттер туындап жатқан жайы бар.

Кейбір азаматтар жеке ЭЦҚ-ларын (электрондық цифрлық қолтаңба) басқа адамдарға береді немесе сақтауда немқұрайлы қарайды, бұл арқылы:

- Үшінші тұлға атынан мүлік рәсімделуі
- Жәрдемақы немесе зейнетақы түріндегі әлеуметтік төлемдер заңсыз алынуы
- Басқа адамның атынан кепіл, несиелік шарттар жасалуы мүмкін

Жалған анықтама алу немесе сату

- Кейбір сайттарда мекенжай анықтамалары, соттылықтың жоқтығы туралы анықтамалар заңсыз жолмен сатылады.
- Бұл құжаттар кейде қолмен өңделген немесе жалған база арқылы жасалады, ал ресми Egov базасында тіркелмейді.

Осындай әрекеттер өкінішке орай электрондық депозитарий веб-порталындада орын алып жатыр. Мысалға бірнеше жағдайды көрсетіп өтсем:

- 1) Кейбір өнім берушілер ешбір нақты жұмыс істемеген болса да, жалған шарттарды жүктеп, тәжірибе бар екенін көрсетеді.
- 2) Орындау актілерінің мерзімін, көлемін, сомасын жалған жолмен өзгерту немесе өтірік актілер қосу.
- 3) Мысалы, басқа ЖШС-нің бұрынғы шартын әртүрлі бағдарламалармен өзгертіп өзінікі ретінде көрсету.
- 4) Бірнеше әлеуетті өнім берушілер әр жұмыс барысында өздері бас мердігер болса қалған компаниялар қосалқы мердігер болып тіркеліп, осылай әр жобада қайталау арқылы өз тәжірибелерін заңсыз көтеретін жағдайлар бар

Бұл аталып өткен мәселелер тек қана біраз бөлігі, цифрлық құралдардың әліде дамып, қателіктерін түзелету үшін біраз уақыт керек. Осы өзгерістерді енгізіп ары қарай дамыту үшін мәселелерді шешу жолдарын ұсынамын.

Біріншіден, ЭЦҚ-ны басқа адам пайдаланбау жолдарын ойлап табу керек, ол үшін қуанышымызға орай кәзір бәрі дайын тұр. ЭЦҚ кілтіне кілт-сөз енгізгеннен кейін адамның бетін face id биометриалық аудентификациядан өткізуді ұсынамын. Кәзіргі уақытта ЭЦҚ жаңадан ашатын кезде онсызда face id биометриалық аудентификациядан өтеді сол кезде егер компьютерде камера болмаған жағдайда QR код арқылы телефоннан сканер жасағаннан кейін белгілі терезеге өткенде адам бейнесін сканерлеуге мүмкіндік туады. Тура осы бағдарламаны ары қарай дамытып, ЭЦҚ-ға кірер кездеде екінші қайта тексеру үшін

пайдалануға болады. Бұл басқа адамның ЭЦҚ кілтін пайдаланудан туындайтын бірнеше мәселелерді шешеді деп ойлаймын.

Екіншіден, Egov және тағы басқа цифрлық құрылғылардан алынған құжаттар, анықтамаларда QR арқылы осы ақпараттың растығы туралы мәлімет порталда болса, мемлекеттік мекемеге келген азаматтың құжатпындағы QR кодын сканерлеу арқылы нақтылығына көз жеткізуге болады деп ойлаймын.

Үшіншіден, электрондық депозитарии-ге байланысты көрсеткен бастапқы 3 мәселенің шешу жолы біреу. Кәзірге уақытта мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларына сәйкес № 44, 44-1, 45, 48 пунктарында [4] электрондық депозитарии-ге тіркеуге тізілім жіберер алдында бұл тәжірибенің, салып отырған құжаттардың растығын дәлелдеу керек. Бұл үшін уәкілетті мемлекеттік мекемеге, тапсырыс берушіге өтінім жіберіледі, ЭЦҚ кілт арқылы сол өтінімге жауап беріп растайды. Осы жерде адами фактор болғандықтан қателесуі немесе жоқ тәжірибені растау фактілері кездесіп жатыр. Тіркелген жұмыстардың жоқтығы, құжаттардың жалған екенін сот арқылы анықталып жатқан жайлар бар. Кәзіргі уақытта жобалау (жобалау-сметалық) құжаттама әзірлеу жұмыстары бойынша растау тек Жобаларды кешенді сараптаудың Бірыңғай порталы арқылы жүзеге асырылады. Барлық жобалау құжаттамалары осы порталда тіркелген, номеры мен жасалған күнін жазған кезде портал арқылы автоматты түрде осы жобаның бар жоқтығы расталады. Тура осыны көзқарасты пайдаланудың 2 жолы бар.

1) Қазіргі уақытта құрылыстық монтаждау жұмысы барысындағы тәжірибесін тіркеу үшін ең маңызды құжат, объектіні пайдалануға қабылдау актісі онсызда Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармаларының базасында тіркеледі, электрондық депозитарии бөлімдеріне сол базаға кіруге мүмкіндік беру. Сол арқылы уәкілетті мемлекеттік мекеменің, тапсырыс берушінің берген растауын тексеруге болады.

2) Объектіні пайдалануға қабылдау актісің формасына өзгеріс ендіріп, кәзіргідей кездейсоқ номер қоя салмай, базаға тіркеу барысында алынған арнайы номермен белгілеп, артынан сол номерді жоғарыда айтып өткен Жобаларды кешенді сараптаудың Бірыңғай порталы сияқты порталдан тексеріп, нақты тіркелген жұмыстарға растау алу. Бұл жағдайда адами фактор мүлдем алынып тасталынады.

Төртіншіден, электрондық депозитарии порталына қатысты 4ші мәселе. Кәзіргі уақытта №687 Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы ережесінде 212 пункта көрсетілген [5]. Бас

мердігер жұмысының 30 пайызын қосалқы мердігерлерге беруге құқылы. Бірақ бұл жерде ол қосалқы мердігерлердің кемінде қандай жұмыс көлемін істеуі керек немесе қанша қосалқы мердігерді шақыруға болатына шектеу жоқ. Заңның осы осал жағын пайдалану арқылы 2 түрлі алаяқтық іс әрекет туындап отыр.

1) Кішігірім объектіге 20-30 қосалқы мердігер шақырып, әр қайсысы мысал ретінде 1 метр жерге асфальт төседім деп құжаттарын дайындап тізілімдерін электрондық депозитариі порталына тіркеп, 0,1 % балл алып жатқан кездері бар. Ал тура сол 0,1 % баллды жұмысын дұрыс істеген заңның осалдығын пайдаланбаған өзіне тиесілі 30 % жұмысты толыққанды атқарған мысалға 30 км асфальт төсеген қосалқы мердігерде алады.

2) Кішігірім объектіге 20 қосалқы мердігер шақырып, ол қосалқы мердігерлердің біреуі бас мердігер болып басқа құрылыс бастаған уақытта қалғандары оған қосалқы мердігер болып жазылып, солай айналмалы түрде жалғастырып, құжат түрінде 1 әлеуетті өнім беруші 1 жыл ішінде 1 рет бас мердігер 19 рет қосалқы мердігер болып балл жинап жатқан кездер бар.

Менім бұл мәселені шешу үшін ұсынғым келетіні ол заңға өзгеріс ендіріп қосалқы мердігердің санын немесе оның істеуі керек жұмыстың мөлшерін айқындау керек деп ойлаймын.

Қорытынды

Қорытындыға айта кетерім алдымызда цифрлық заман келе жатыр, әр мемлекетті бізді озып кеткен салалардан арттарынан қумай, ешкім әлі толыққанды меңгермеген цифрлық құралдардың заң, функционал жағынан дамытып, еліміздің артық бюракратиясыз халыққа, болашаққа сапалы қызмет ету жолдарын қарастырғанымыз жөн деп есептеймін. Заң аясында, бюракратиясыз, коррупциясыз біздің елдің дамып, ең үздік елдер қатарында болатына сенімдімен.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығы.
2. Мемлекеттік құпиялар туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы N 349-І Заңы.
3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексі.
4. Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 26 қыркүйектегі № 646 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 27 қыркүйекте № 35143 болып тіркелді.
5. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 9 қазанда № 35238 болып тіркелді.